

**Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің білім беруге 2008 жылға арналған республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 ақпандағы N 166 Қаулысы

"2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 6 желтоқсандағы Заңының 11 және 15, 15-1-баптарын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

*Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.08.13 N 740 Қаулысымен.*

1. Қоса беріліп отырған Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің білім беруге 2008 жылға арналған республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттердің бекітілген сомаларын аударуды;

2) облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану мониторингін қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттердің уақтылы және мақсатты п а й д а л а н ы л у ы н ;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне 15 ақпанға дейінгі мерзімде осы қаулымен бекітілген Ереженің 5-тармағында көзделген ақпаратты ұ с ы н у д ы ;

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне есептіден кейінгі айдың 5-күніне дейін бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттердің пайдаланылуы туралы есептер ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң

2008 жылғы 19 ақпандағы  
N 166 қаулысымен  
бекітілген

**Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің білім беруге 2008 жылға арналған республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесі**

1. Осы Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің білім беруге 2008 жылға арналған республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесі республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді мынадай республикалық бюджеттік бағдарламалар бойынша пайдалану тәртібін айқындайды:

029 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жаңадан пайдалануға берілетін білім беру объектілерін ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

048 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

058 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиалық кабинеттер құруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

076 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне білім беру саласында мемлекеттік жүйенің жаңа технологияларын енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" (оның ішінде кіші бағдарламалар бойынша):

101 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жүйесіне интерактивті оқыту жүйесін енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер".

077 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқитындарға стипендиялар төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер".

*Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.08.13 N 740 Қаулысымен.*

2. Ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына және мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Лингафондық және мультимедиалық кабинеттерді, физика, химия, биология

кабинеттерінің оқу жабдықтарын, жаңадан жарақтандырылатын жалпы білім беретін мектептердің интерактивтік оқыту кабинеттері үшін жабдықтарды мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстарды бірыңғай ұйымдастырушы болып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі танылады.

4. 2007 жылы ішінара жарақтандырылған жалпы білім беретін мектептерді толық жарақтандыруды және білім беру саласындағы мемлекеттік жүйенің жаңа технологияларын енгізу жөніндегі кешенді іс-шараларды жүзеге асыруды Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес қолда бар жабдықпен, жұмыспен және көрсетілетін қызметтермен үйлесімділігін қамтамасыз етуді ескере отырып білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

5. Білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдар лингафондық және мультимедиалық кабинеттерді, физика, химия, биология кабинеттерінің оқу жабдықтарын, жаңадан жарақтандырылатын жалпы білім беретін мектептердің интерактивтік оқыту кабинеттері үшін жабдықтарды соңғы алушыларды 15 ақпанға дейінгі мерзімде айқындайды және оларды пайдалану мониторингін жүзеге асырады.

6. Облыстық, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне әрбір тоқсан сайын есептіден кейінгі айдың 5-күніне дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі белгілеген нысан бойынша лингафондық және мультимедиалық кабинеттерді, физика, химия, биология кабинеттерінің оқу жабдықтарының, жаңадан жарақтандырылатын жалпы білім беретін мектептердің интерактивтік оқыту кабинеттері үшін жабдықтарды мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың жасалуы және орындалуы туралы есептерді ұсынады.

7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі міндеттемелер және төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттерді аударуды жүргізеді.

8. Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне:

1) мемлекеттік білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға, оның ішінде лингафондық және мультимедиалық кабинеттерді құруға, физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдықтарымен жарақтандыруға, білім беру саласындағы мемлекеттік жүйенің жаңа технологияларын енгізу жөніндегі тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатып алуға бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың негізінде жүзеге асырылады;

2) жаңадан пайдалануға берілетін білім беру объектілерін ұстау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік қабылдау комиссиясы бекіткен білім беру объектілерін пайдалануға енгізу актілері ұсынылған жағдайда жүзеге асырылады.

Ағымдағы нысаналы трансферттер күрделі шығыстарды қоспағанда, жаңадан іске қосылған білім беру объектілерін ұстауға байланысты ағымдағы шығыстарға бөлінеді.

9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде есептілікті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне ұсынады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК